

ҚҰРМЕТТІ 3 КУРС СТУДЕНТІ!

"Есептеу техникасы және ақпараттық желілер" мамандығы

Академиялық күнтізбеге сәйкес, 5-ші семестр **02.09.2025 жылынан 09.01.2026 жылына дейін** болады.

Қысқы емтихан сессиясы 05-09 қаңтар 2026 жылы аралығында өтеді.

Өндірістік оқыту 2025 жылдың 13 қазанынан 2026 жылдың 02 қаңтарына дейін (12 апта) болады.

ДЕМАЛЫС 2026 жылдың 12-23 қаңтарына дейін болады.

Емтихандар Емтихан кестесіне сәйкес келесі **МІНДЕТТІ ПӘНДЕР** бойынша болады:

➤ **ЕТЖАЖ (қазақ/орыс бөлімі):** Басқару негіздері және желілерді құрастыру (билет), Желілер және коммуникациялар (билет), Дене шынықтыру (билет-ауызша).

Жұмыс оқу жоспарында сараланған бақылау жұмыстары қарастырылған барлық қалған пәндер бойынша баға орташа аралық бақылау (Рср) негізінде шығарылады (**екі САБ қосындысының орташа мәні 50 балл және одан жоғары**).

Ескертпе 1:

Қандай жағдайларда студент қысқы сессияға жіберілмейді:

1. Екі САБ қосындысының орташа мәні 50 баллдан төмен студент – тиісті пәндер бойынша **ҚАЙТАЛАУ КУРСЫНА** қалады (Мысалы: 1 САБ-20, 2 САБ-40, жалпы қосындысының орташа мәні екі САБ 30, яғни 50-ден аз).

2. Ақылы білім беру қызметтерін көрсету шартына сәйкес оқу ақысын төлемеген студент емтиханға жіберілмейді. Бұл ретте сессияға рұқсат тек қаржылық қарызды өтегеннен кейін ашылады, әйтпесе **ҚАЙТАЛАУ КУРСЫНА ҚАЛАДЫ**.

Ескертпе 2:

1) Емтиханға себепті жағдаймен келмеген студент (ауру туралы анықтама) Оқу бөлімінің өкіміне сәйкес басқа күні емтиханды тегін тапсыру мүмкіндігін алады. Бұл ретте студент себепті жағдайын растайтын құжатымен бірге өтініш жазуы керек.

2) Емтиханға себепсіз жағдаймен келмеген студент Оқу бөлімінің өкіміне сәйкес емтиханды басқа күні ақылы негізде тапсыруға мүмкіндігі бар. Бұл ретте ол міндетті түрде емтихан тапсыруға өтініш жазып, төлемнің түбіртек көшірмесін бірге тапсыруы керек.

3) Емтиханға белгілі бір себеппен немесе себепсіз келмеген студенттер емтиханды Оқу бөлімінің арнайы кестесі бойынша тапсырады.

4) Емтиханды қайта тапсыру, алғашқы тапсыру туралы өтініш Оқу бөліміне түбіртекпен/ анықтамамен беріледі.

5) Студент емтиханды қайта тапсырған жағдайда үздік дипломға үміткер бола алмайды.

Апелляция

Студенттер екі жағдайда апелляцияға бере алады:

1. Жазбаша жұмыстардың мазмұнына қарай.

2. Дұрыс емес сұрақтарға байланысты апелляция: Егер сұрақтар тізімінде екі немесе одан да көп дұрыс жауаптар болса немесе дұрыс жауаптар болмаса, онда сұрақ дұрыс емес деп есептеледі.

Студент осы мәселелерді анықтаған жағдайда апелляциялық комиссияға пәнді және дұрыс емес сұрақты көрсете отырып, өтініш береді.

Апелляциялық комиссия өтінішті емтиханнан кейінгі келесі күні сағат 13:00-ге дейін қабылдайды.

Содан кейін апелляциялық комиссия екі жұмыс күні ішінде студенттің сұрағына жауап береді.

test@college-narxoz.kz